

WIKI BIRTH

## **Инемен құдық қазғандай...**

**Бүгінгі экономика ғылымдарының докторы, профессор Орақ Әлиевпен таныстығым соңғы жылдары «Тұран-Астана» университеті жанындағы «Қазақстантану» теориялық-әдіснамалық семинарға қатысудан басталды.**

Ондағы кейбір өзекті тақырыптар, еркін пікір алмасу ұнады. Ойындағыны айтып, кейде жеңілдеп, кейде молайып қайтасың. Адамға осының өзі де керек. Сонан соң Орақ інімнің ерекшелігі – оның пікір алмасу үстінде айтылған оқшау ойларды ыждағаттықпен жазып алып отыратыны, өз кезегінде оларды қайтадан ортаға салып талдауы. Бұл кім болса сонда кездесе бермейтін, өзімізде де жоқ дәстүр. Осы көріністі мен әркез әр гүлден бал жинап жүрген араға ұқсатамын. Шынында да, ғылым осылай ылғи ізденумен жасалады, білім осылай еңбекпен жиналады емес пе?

Орақ Жолмырзаұлының өмір жолы, ғылыми сапары сонау Қазалының ауыл шаруашылығы техникумынан бастау алған. Бұлай деуіміздің бір себебі бар. «Экономика» сөзінің төркіні бүгінгі теориялық экономияның дауылпазы (предвестник) саяси экономияда, тіпті ертедегі грек экономиясында, антикалық заманда жатыр. Адамзат тарихында алғаш арнайы ғылыми экономиялық шығарма (б.д. дейінгі шамамен 430-355 жылдары өмір сүрген) афиналық Ксенофонттың «Symposium Oeconomicus», қазақ тіліне аударғанда «Үй шаруашылығы» атты еңбегі болды. Осынысымен Ксенофонт кейін саяси экономия және басқа экономиялық ғылымдардың негізін салды. Міне, осыны, кейін экономика ғылыми пәнінің теория ретінде қалыптасуына елеулі үлес қосқан Аристотельді, экономика ғылымының зерттеу нысанын кеңейткен, оның «үй шаруашылығы» деген ұғыммен шектеліп қалмай ұлттық, мемлекеттік шаруашылық деген атқа ие еткен 1575-1621 жылдары өмір сүрген А. Монкретьенді, «экономия» мен «саяси экономия» сияқты атаулардың өзара байланысын ашқан ағылшын экономисі Джеймс Стюартты (1712-1780) жақсы білген, мамандығын ауыл шаруашылығынан (экономикадан) бастаған Орақ інімде экономика ғылымына ғалымша қарау басым.

Шынтуайтына келгенде, ғылым – шегі де, шеті де жоқ, тереңдігін тіпті өлшеуге келмейтін ғажап құбылыс. Осыны жақсы ұғынған Орақ Жолмырзаұлы – ғылымды сыйлайтын, құрмет тұтатын, оған Абай ұғымындағы махаббатпен («Алла адамзатты махаббатпен жаратқан» дегендегі ұғымын айтып отырмын) қарайтын, онымен тұрақты да түбірлі айналысып келе жатқан ғалым. Сондықтан да оның өз жолын ғылымды танудан бастауы, 1996 жылы Алматының «Ғылым» баспасынан шыққан алғашқы монографиясына «Ғылымның жалпыпәндік теориясы» деп атауы жайдан-жай емес еді. Содан бері жиырма шақты жыл өтті. Осы кезге дейін өзі таңдап алған осы бағытынан, өзі сүйген, өзі түскен ғылым жолынан бір айнымай ілгері басып келеді. Оған 2001 жылы шыққан, 2004 жылы қайта басылған көлемі 23 баспа табақтай «Теориялық экономика: жалпыпәндік модель», 2012 жылы жарық көрген «Теориялық экономиканың пәні мен әдісі.

Пәнтану негіздері, (8,9 б.т.), 2014 жылы шыққан «Тарихтану: саясиэкономның, ғылымтанушының, эпистемологтың ізгілікті ой-толғамдары». 2014. 7,5 б.т.) атты орыс тіліндегі монография мен кітаптары дәлел бола алады. Ғалым қаламынан шыққан 270-ден астам ғылыми, оқу-әдістемелік және публицистикалық мақалалардың дені осы тақырыпқа арналған, осы мәселені сөз етеді. Бұларға Ресей және Украинада жарық көрген басылымдар мен кешегі КСРО-ның орталық журналдарындағы ғылыми мақалаларын да қосуға болады.

Инемен құдық қазғандай Орақ Жолмырзаұлының алдымызда 70 жылдық торқалы тойына байланысты оның ғылыми зертханасына азын-аулақ енгім келіп еді, еркін кіре алмадым. Экономиканың өзін жете түсіне бермейтін, кеңестік кезеңдегі студенттік шағымызда тек баға үшін оқыған «Саяси экономикадан» қазір баста ештеңе қалмаған кісіге қиындау екен. Оның үстіне, экономист ғалымның мәселені философиялық ойлаумен, топшылаумен, өзіндік әдіс-тәсілмен шешуге ұмтылуы мені ілгері бастырмады. «Ғылымның тарихы мен философиясы» атты курстан дәріс оқып жүргені де, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің философиялық-экономикалық ғылыми жиналысының толық мүшесі болуы да жайдан-жай емес екен. Сонда да бірер монографиясын тереңдемей, жеңіл қарап шықтым. Өйткені айналысып жүрген ғылымы туралы бірер сөз айтпай, мерейтой иесі экономист ғалым туралы мақала жазу ыңғайсыздау сияқтанды. Содан алғашқы үлкен қадамы ғой деп 1996 жылы Алматының «Ғылым» баспасынан шыққан «Ғылымның жалпыпәндік теориясы» атты монографиясын оқыдым. Аңғарғаным, ол шетелдік және отандық көптеген ғылыми деректерді таңдау мен талдаудың арқасында «ғылым» атты құдіретті феноменді құрылымдық-функционалдық түрде жүйелі зерттеген. Бірсыпыра ғылымның қазіргі заманғы тұжырымдамаларының негізгі сипаттарын талдайды, ғылыми пәннің ұғымдық қатарларын зерделеудің нәтижесінде ғылымның жалпы пәндік теориясына қатысты өзіндік тұжырымдарын жасайды. Бұл – ғалымның өзіндік соны еңбегі.

Қай уақытта болса да ғылымтануда оның пәнін (предмет ұғымындағы) білу, тану басты мәселе. Өйткені сол арқылы ғылыми пәнді сипаттай аламыз, пәннің өз алдына ғылым болып отау тигуіне басты көрсеткішін айқындаймыз. Алайда осы кезге дейін «предмет» (дисциплина) ретіндегі «пән» мен сол пәннің («предметтің», дисциплинаның) зерттеу пәнінің әлі ара-жігі ашыла қоймаған сияқты. Біздіңше, ғылымның пәндік (дисциплина) ұғымы құрылымына әдетте оның зерттеу нысанын, негізгі ұғымдары мен заңдарын, әдіс-тәсілдерін, құрылымы мен қызметтерін, т.б. жатқызады. Осы арада қажетті бір ұғым жетіспейді. Ол – бір ғылыми пәнді (научная дисциплина) екінші ғылыми пәннен ерекшелендіріп айқындайтын ұғым. Оны эпистемолог Орақ Жолмырзаұлы «зерзат», «пән зерзаты» (предмет дисциплины) деп атаған екен. Өйткені ғылыми пән (дисциплина) мен оның «зерттеу пәнінің» ортақ дүниелері болуымен бірге оларға айырмашылықтар да тән. Осы арада ғылым саласы ретіндегі пән (дисциплина) мен зерттеу пәні ретіндегі пәннің

ара-жігін айқын аша түсу дұрыс болар ма еді деген ой туындайды. Бәлкім, Орақтың «зерзатынын» орнына «зерпән» деген ұғымды пайдаланған дұрыс болар. Бұл пәнді «зер салатын зат» демей, «зер салатын пән» деген түсінігімізге сай келер ме еді? Мысалы, қоғамдық ғылымдардың барлығының зерттеу нысаны – «қоғам», бірақ олардың әрқайсысы жеке келгенде қоғамның өзіне қажетті қырын, сипатын ғана зерттейді. Мысалы, саясаттану қоғамның саяси саласын, әлеуметтану қоғамның әлеуметтік жүйесін дегендей. Ал «экономика» қоғамның осы аттас саласын қарастырады. Расында да, пәнді (предметті, дисциплинаны) қай жағынан болса да терең тану (Әлиевше айтсақ «предметоведение», «пәнтану») үшін оның барлық қырын, оны құрайтын жүйенің барлық элементтерінің қарым-қатынас заңдылықтарын зерттеу қажет. Онсыз ғылыми пәнді түсіну де, ұғыну да мүмкін емес. Зерзат (Әлиевше), зерпән (меніңше) ғылымның белгілі саласын сипаттайтын өзекті ұғым. Ол – объекті мен субъектінің (нысан мен тұлғаның) өзара әрекетінің туындысы, субъектінің объектіге әсерінің жемісі. Сондықтан Орақ Жолмырзаұлы субъектінің ғылымның ұғымдық құрылымының, жалпыпәндік моделінің алғашқы негізгі элементі деуінің түп төркіні түсінікті. Ал нысан (объект) – субъектіден кейінгі ғылыми пәннің (дисциплинаның) кілтін ашатын ұғымдық құрылымның бірі. Ол өзі енгізген пәнтану (предметоведение) мәселесіне кейінгі монографияларында тереңірек бойлай түскен.

Автор зерттеулерінде «Теориялық экономиканың» қазіргі экономика ғылымының жалпытеориялық құрамдас негізі екендігіне арнайы тоқтай келіп, бұл «теориялық экономика» деген терминнің қазіргі күні үш түрлі түсінігі барын айтады. Біріншіден, теориялық экономика жалпы және тұтас алғанда саяси экономия болып табылады. Екіншіден, теориялық экономика жалпытеориялық қағидалардың бекіген жиынтығы ретінде экономика ғылымы ежелгі «экономиядан» (үй шаруашылығы) бастап бүгінгі күнге дейін қалыптасып дамып келеді. Үшіншіден, теориялық экономика «жалпы экономияның», «әлеуметтік экономияның», «каталлактика» (экономикс) бірлігі ретінде және осы сапада қазіргі экономика ғылым жүйесін құрайтын жалпытеориялық негіз болып табылады. Сондықтан теориялық экономия ғылыми пән ретінде жүздеген жылдан бері орын алған түрлі идеялар мен көзқарастардың, теориялар мен тұжырымдамалардың бүгінгі күнгі біртұтас жиынтығы болып табылады. Ал осындай талдаулардың субъектілері – саяси экономияның негізін салушы ұлылармен бірге белгілі ғылымға әртүрлі бағытта үлес қосқандар. Ал зерттеу әдісі ретінде автор жалпы философиялық, жалпы ғылыми және өзіндік теориялық-экономиялық әдіснаманы ұсынады. Автордың теориялық экономияның пәнін айқындауда сан түрлі талдауларды мынандай жиынтық нұсқада береді: теориялық экономияның пәні өнім өндіру мен бөлу, айырбас пен тұтынуды тұтас қарастыратын экономикалық қатынастар. Әрине, экономикалық қатынастар, өзі айтқандай, түрлі деңгейде, әртүрлі фазада болуы мүмкін. Алайда осы ұғымдардың негізінде адам, оның қызметі, әлеуметтік қасиеттері жатқанын есте ұмытуға болмайды. Сондықтан теориялық экономияны жаңа ғылыми

және оқу пәні ретінде зерттеу мәселесі экономикалық қатынастар мен экономикалық өндіргіш күштердің өзара байланысының заңдылықтарын зерделеуде жатыр.

Қазіргі экономика ғылымының жүйесі де күрделі. Кешегі кеңестік кезде экономика саласына жатпайтын жоғары оқу орындарын бітірген біз тек саяси экономиканы оқығанбыз. Оның басқа салаларынан хабарсыз болатынбыз. Оның үстіне «саяси экономия» деген атаудың кеңестік кезеңнің саясатшылдығынан туған шығар деп ойлаудан ары бара алмайтынбыз. Мұның төркіні сонау ежелгі грек ойшылдарының «үй шаруашылығы» деген сөзден тамыр тартатынын біз көп кейін білдік. Ал саяси экономияның тіпті саясаттан тумағандығын, оның «ұлттық», «мемлекеттік» деген мағынамен байланысты екенін де кеш аңғардық. «Саясат – экономиканың шоғырланған көрінісі» (Политика – это концентрированное выражение экономики) деп жүре бердік.

Орақ Жолмырзаұлының ғылымтану, пәнтану сияқты білімтанудың өзекті саласын зерттеуге, бұл саладағы бұрынғы ой-пікірлерді талдауға қосқан үлесіне әсте көз жұмуға болмайды. Рас, әлі де алда бұл бағытта түрлі талдаулар, ой-тұжырымдар болуы мүмкін, бірақ та негізгі және даусыз мәселе – «теориялық экономия» пәнін негіздеуге қосқан үлесі қомақты. Орақ Жолмырзаұлының «Тұран-Астана» университетінде өзі ұйымдастырған «Қазақстантану-Казахстановедение» ғылыми орталығы мен теориялық-әдіснамалық семинардың жетекшісі, осы аттас жыл сайын шығатын жинақтың бас редакторы ретіндегі қызметі туралы бірауыз сөз айта кетейін. Өйткені бұл інімнің ғылыми, азаматтық болмысын толықтыра, айқындай түсінуге көмектеседі.

Біз рухани түбір-тегімізге жеткілікті көңіл бөлмей, оны кейде тіпті ұмытып бара жатқан халықпыз. Тарихымызды танымай, тиісті тағылым алмай, тіпті ұлттық құндылығымыздың өзегі – ана тілімізді сыйламай, кім болса, соған еліктеп, жадағай өсіп келеміз. Біз бұрын орыс тілін білгенді нағыз сауатты деп ойладық. Соған бас ұрдық. Енді ағылшын тілін білгенге бас ұруды шығардық. Бәсекеге қабілетті болу үшін ағылшын тілін білуіміз керек дейміз. Бұл – өте сыңаржақ пікір. Бәсекеге қабілеттілік көптілділікпен шешілмейді, оның тағдыры тереңде – жалпы адами, рухани, өркениеттілік (Орақ Жолмырзаұлының тілімен айтсақ, «культура», бүгінгі тілімізде қалыптасқан «цивилизация» емес), сонымен бірге ұлттық құндылықтарды, қоғамның объективті заңдылықтарын терең ұғынып игеруде, жаңа ізгілікті әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастарды жүзеге асыруда жатыр.

Кезінде бүкіл түркі жұртының адал да атақты перзенті Мұстафа Шоқай: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» деген болатын. Шынында да, ұлттық рух тамаша қасиеттерге ие етумен бірге өз ұлтынды шынайы тануға, өз халқыңның алдындағы өз борышыңды жоғары сезіне түсуге көмектесетіні даусыз. Азат сана мен ұлттық рух бүгін еліміз тәуелсіздікке жеткен кезде аса маңызды болып отыр. Осы бағытта

жоғарыдағы «Қазақстантану» теориялық-әдіснамалық семинардың тиісті үлесі боларына сенімдімін.

Орақ інімнің өзінің бір басына жетерлік лауазымдары бар. Алда еңбегіне лайықты бұл лауазымдар толығына түседі деген ой жоқ емес. Ең бастысы, ол тұрақты ізденіп жүрген әмбебап зерттеуші, тынымсыз ғылыми тірліктің иесі. Ол – бірнеше отандық және шетелдік ғылыми ұйымдардың (академиялардың) толық мүшесі, көптеген ғылыми басылымдардың (журналдардың) ғылыми-редакциялық кеңестерінің мүшесі. Оның ұсынысымен, міне, соңғы бес жыл бойы Ярославль қаласында Қазақстан, Ресей, Беларусь елдерінің мамандарының ұйымдастыруымен «Теориялық экономика» атты халықаралық электрондық ғылыми журнал шығып жатыр.

Орақ Жолмырзаұлы ылғи мені «Әбеке аға» дейді. Сондықтан мен оны неге «Орақ інім» дей алмаймын. Аға-іні болу үшін бірге туысу міндет емес екенін кім болса да біледі. Ендеше, менің сөз арасында «інім» дегенімді артық көрмеңіздер, ағайын. Сол себепті де ағасы інісіне қандай толымды тілек айта алатын болса, мен ғалым, азамат, әдемі отбасының иесі Орақ ініме бар жақсылықты қалаймын.